

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың «Березовский» жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктесті іздеуі туралы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік сайтына арналған хабарландыру

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) «Березовский» жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктесті іздеуді жүзеге асырады.

1) **Жаңа жер қойнауын пайдалану жобасының (жер қойнауы учаскесінің) атауы** – «Березовский», Оңтүстік Березовский және Солтүстік Березовский жер қойнауы учаскелері шегінде.

2) **Жер қойнауы учаскесінің орналасқан жері** – Батыс Қазақстан облысы. Жер қойнауы учаскелері координаттары көрсетілген мемлекеттік қорды басқару бағдарламасына енгізілген және ұлттық компанияларға жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін барлауға және өндіруге немесе көмірсутектерді өндіруге арналған жер қойнауы учаскелері аумақтарының тізбесіне кіреді. Құжатқа сілтеме – <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/documents/details/616745?lang=ru&ysclid=1zmlrzckk663963625>

3) **Жер қойнауын пайдалану құқығын кейіннен алуы үшін «Березовский» жобасын инвестициялық қаржыландыруды жүзеге асыру бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ стратегиялық серіктесін айқындау өлшемшарттарын белгілейтін заңды тұлғаларға (заңды тұлғалар консорциумына) қойылатын талаптар**

«Ұйым» қазақстандық немесе шетелдік заңды тұлғаны (олардың бірлестіктері) бірлестіреді.

Негізгі компания Ұйымдағы қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) 100%-ін тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаны білдіреді.

1. Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеудің болуы (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш берушінің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат).

2. Ұйым тарату, қайта ұйымдастыру немесе банкроттық кезеңінде болмауы тиіс.

3. Ұйымның салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша өтелмеген берешегі болмауы тиіс.

4. Ұйым немесе оның Негізгі компаниясы Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) шетелде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің оң тәжірибесіне ие болуға тиіс:

- көмірсутектерді өнеркәсіптік өндіру тәжірибесі кемінде 10 жыл; және

- геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу тәжірибесі кемінде 5 жыл (сейсмикалық барлау және барлама бұрғылауын жүргізу); және
 - жұмыс бағдарламасын орындау тәжірибесі кемінде 5 жыл.
5. Ұйымда не оның Негізгі компаниясында мұнай-газ саласында кемінде 10 (он) жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандардың (менеджменттің) болуы.
6. Ұйымның меншікті капиталы кемінде 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларын құрауы тиіс.
7. Ұйым немесе оның Негізгі компаниясы Forbes нұсқасы бойынша мұнай-газ саласындағы әлемдегі ең ірі әлемдік жария компаниялардың (Oil & Gas Operations) тізіміне кірген жағдайда (<https://www.forbes.com/lists/global2000/>), Талаптардың 4, 5 және 6-тармақтары қолданылмайды.
8. Ұйым «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіппен тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқықтарын алу мақсаттары үшін жасалған бірлескен қызмет туралы шарт және (немесе) қаржыландыру туралы келісім бойынша барлаудың инвестициялық қаржыландырылуын жүзеге асыру жөніндегі міндеттемені өзіне алуы тиіс.
9. Ұйым қол қойылатын бонусты төлеу не ҚМГ төлеген қол қойылатын бонус сомасын өтеу бойынша міндеттемені өзіне алуға тиіс.
10. Стратегиялық серіктесті тікелей немесе жанама түрде бақылайтын басшылар, заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар туралы мәліметтер.
11. Ол соңғы үш жылда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, стратегиялық серіктестің алдыңғы қызметі туралы мәліметтер.
12. Барлау кезеңінде жұмыстарды орындау көлемін, сипаттамасын және мерзімдерін қамтитын жұмыстардың бағдарламасын орындау үшін жеткілікті қаржылық қаражаттың болуын растау.

4) Талаптарды растау үшін Ұйымдармен ұсынылатын құжаттардың тізбесі:

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың немесе өзге де құжаттың) көшірмесі, сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш берушінің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа құжат, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі үшін (консорциум) - консорциум туралы келісімнің көшірмесі және консорциум қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктердің (анықтамалардың немесе өзге де құжаттардың) көшірмелері.

2. Үлгілік жарғы негізінде тіркелген заңды тұлғалар үшін белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының көшірмесі - заңды тұлғаны тіркеу туралы белгіленген нысандағы өтініштің көшірмесі.

3. Басшылар және олардың өкілеттіктері туралы мәліметтерді, олардың қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) мөлшерін көрсете отырып, қатысушылар (акционерлер) туралы мәліметтерді, өтініш берушіні тікелей немесе жанама бақылайтын заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар туралы мәліметтерді, осындай қағаздардың жалпы санын, еншілес ұйымдар туралы мәліметтерді көрсету арқылы ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында заңды тұлғаның бағалы қағаздарының айналысы туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық құжат.

4. Ұйым соңғы үш жылда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, стратегиялық серіктестің алдыңғы қызметі туралы мәліметтер.

5. Осыған сәйкес Ұйым геологиялық барлау жұмыстарын / жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізетін немесе жүргізген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың немесе өзге де келісімнің нөмірі мен күні.

6. Мұнай-газ саласында кемінде 10 (он) жыл жұмыс тәжірибесі бар ұйымның негізгі қызметкерлерінің (менеджмент) тізімі, ұйымның аталған қызметкерлерінің түйіндемесі.

7. Ұйымның 2021-2023 жылдар кезеңіндегі аудиттелген қаржылық есептіліктерінің көшірмелері.

8. Ұйым немесе оның Негізгі компаниясы Forbes нұсқасы бойынша мұнай-газ саласындағы әлемдегі ең ірі әлемдік жария компаниялардың (Oil & Gas Operations) тізіміне кірген жағдайда, Талаптардың 7-тармағында көрсетілген ақпараттық ресурсқа растайтын сілтемесі бар ұйымның немесе Негізгі компанияның хаты.

9. Құжаттарда көрсетілген барлық мәліметтердің дұрыс екендігін ұйымның жазбаша растауы.

Барлық құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Егер құжаттарды шетелдік заңды тұлға ұсынған жағдайда, мұндай құжаттар құжатты қазақ және орыс тілдеріне аударудың әрбір құжатына міндетті түрде қоса бере отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін, олардың дұрыстығын нотариус куәландырады.

5) ынтымақтастық нысаны бойынша ең төменгі талаптар:

1. Талаптарға сәйкес келетін ұйымдар ҚМГ өтінімдерін қарау қорытындысы бойынша «Березовский» жобасы бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша 2Д-МОГТ сейсмикалық барлау деректеріне қол жеткізгені үшін ақы төлейді:

1.1. Төлем міндеттемесі ҚМГ талаптарға сәйкес келетін ұйымдардың тізімін бекіткен күннен басталады. Төлем мерзімі

ҚМГ мен Ұйым қол қойған Өзара түсіністік туралы меморандумда белгіленеді

- 1.2. Төлем сомасы «KMG Barlau» ЖШС-ның «Березовский» жобасы бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеуді орындауға жұмсаған шығындарының 100%-не тең;
 - 1.3. Соманы төлеу Талаптарға сәйкес келетін ұйымдар санына барабар жүзеге асырылады;
 - 1.4. Ұйым төлеген сома қайтарылмайтын болып табылады;
 - 1.5. 2Д-МОГТ сейсмикалық барлау деректеріне қол жеткізу үшін шарт «KMG-Barlau» ЖШС-мен (ҚМГ-нің 100% еншілес тәуелді ұйымы) жасалады.
2. Жобадағы және оператордағы ҚМГ үлесі – 50%.
 3. Мыналарды қамтитын ҚҚС сомасына ұлғайтылған серіктестік үшін төлем:
 - 3.1. Бастапқы төлем барлау және өндіру келісімшартына қол қойылғаннан кейін төленетін АҚШ долларындағы сома;
 - 3.2. АВС санатындағы мақұлданған коммерциялық қорлардың әрбір анықталған баррелі үшін АҚШ долларындағы кейінге қалдырылған төлем.
 4. ҚҚС сомасына ұлғайтылған қол қою бонусындағы ҚМГ үлесін өтеу.
 5. Ең төменгі жұмыс бағдарламасына қосу:
 - 5.1. тереңдігі кемінде 7 000 (жеті мың) метр 1 (бір) іздеу ұңғымасын бұрғылау;
 - 5.2. 300 толық еселенген шаршы км көлемінде 3Д-МОГТ сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу;
 - 5.3. 300 толық еселенген қума км көлемінде 2Д-МОГТ сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу.

б) Ұйымдардың «Березовский» жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасын бірлесіп іске асыруға арналған өтінімдерді ұсыну тәртібі мен мерзімі;

Үміткерлерге қойылатын талаптарды растау үшін құжаттарды ұсына отырып, Ұйымдардан өтінімдер «Березовский» жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктес іздеу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей беріледі.

ҚМГ мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05h9e8, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-ғимарат, 1-т.ү.

7) «Березовский» жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктесті айқындау шарты және тәртібі:

Осы хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң ұйымдардан өтінімдерді қабылдау тоқтатылады, бұл туралы ҚМГ корпоративтік интернет-сайтында – www.kmg.kz жазылады.

Белгіленген мерзімде ұсынылған құжаттармен бірге ұйымдардың өтінімдерін ҚМГ талаптарға сәйкестігіне қарайды.

Талаптардың 7-тармағына сәйкес келмеген жағдайда Ұйым немесе оның Негізгі компаниясы «Березовский» жобасы бойынша \$500 000 (бес жүз мың АҚШ доллары) мөлшеріндегі стратегиялық серіктесті айқындау рәсіміне қатысқаны үшін қамтамасыз ету жарнасын енгізеді, сондай-ақ «Березовский» жобасы бойынша ақшалай міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін эскроу-шотты пайдаланады не банк кепілдігін немесе негізгі/үлестес компанияның (жеткілікті қаржылық дәрменділігі бар) кепілдігін береді. Қатысу үшін төленген қамтамасыз ету жарнасы Ұйымға стратегиялық серіктесті айқындау процесі аяқталғаннан кейін немесе стратегиялық серіктесті іздеуді өткізілмеді деп танығаннан кейін қайтарылады.

ҚМГ банктік деректемелері

Шот иесі: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

БСН 020240000555

Банк: «Қазақстанның Халық банкі» АҚ

Шоттың нөмірі (АҚШ доллары): KZ406010111000002040

Шоттың нөмірі (теңге): KZ356010111000002033

Swift БСК коды: HSBKKZKX

Кбе 16

ҚМГ қол қою үшін өзара түсіністік туралы меморандумды және құпиялылық туралы келісімді талаптарға сәйкес келетін Ұйымдардың атына жібереді. Бұл құжаттар «Березовский» жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобасын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық серіктесті тарту мен айқындаудың одан әрі рәсімін айқындайды.